

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОНСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вопора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Бүлекбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВОЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

Западная Сибирь накануне присоединения к России. Сельскохозяйственное освоение Западной Сибири русскими в феодальную эпоху.- Томск, 1967.- 110 с.; Бузукашвили М.И. Ермак. - М.: Воениздат, 1989.- 142 с.; Долгих Б.О. Родовой и племенной состав народов Сибири в XVII в.- М.: Изд. АН СССР, 1960. - 622 с.; Кызласов Л.Р. Очерки по истории Сибири и Центральной Азии. - Красноярск, 1992. – 224 с.; Матющенко В.И. Древняя история Сибири. Учебное пособие. – Омск: ОмГУ, 1999. – 232 с.; Мирзоев В.Г. Историография Сибири (Домарксистский период).- М.: Мысль, 1970.- 391 с.; Скрынников Р.Г. Борис Годунов.- М.: Наука, 1978.- 248 с.

16. Путешествие Свена Гедина в 1893-1897 годах // Из истории казахов. Сборник. Алматы, 1999. – С. 103-109

17. Радлов В.В. Из Сибири: Страницы дневника.- Москва, 1989.- 749 с.

18. История Сибири в 5-ти т. - Л.: Наука. - Т.2. Сибирь в составе феодальной России. - 1968. - 538 с.; Мирзоев В.Г. Историография Сибири (Домарксистский период).- М.: Мысль, 1970.- 391 с.

19. Верхотуров Д. Покорение Сибири: мифы и реальность.- Москва; Олма-пресс, 2005.- 351 с.

20. Козыбаев М.К. Правда и мифы о Ермаке // История и современность. Алма-Ата: Галым, 1991. – С.136-161.

21. Солодкин Я.Г. К биографии Ораз-Мухаммеда (Малоизвестные страницы жизни казахского султана в России) // Валихановские чтения – 2 Ч.1. Кокшетау, 1994. – С.75-80; Султанов Т.И. Чингиз-хан и чингизиды. Судьба и власть.- Москва, 2006. – 445 с.; Абдиров М., Абдирова Б. Казахский хан в Русском государстве [О каз. Султана Ораз-Мухаммеде, хане в Касимовском царстве на Руси в конце XVI - начале XVII вв.] // Азия дауысы. 1993. № 3 (40) – С. 3.

Азмұханова А.М.

ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда патшалық Ресейдің отарлау, шоқындыру саясаттары одан әрі пәрменді түрде жүргізіліп, патша үкіметі тарапынан халықтың психологиясы, мінез-құлқы мен салт-сана дәстүрінің ерекшелігі жете тексеріліп, орыстандырудың стратегиялық негіздері мен тактикалық әдістері жасалды. Ұлт зиялылары патша саясатына бірден-бір қарсы шығып ділін, дінін, тілін сақтап қалу жолдарын іздестірді. Бұл олардың жәдидтік (мұсылмандық) қозғалысқа араласуына алып келді. Қазақ зиялыларының жәдидшілдік жолға түсуіне татар зиялыларының ықпалы болғаны белгілі. Олардың үгіт-насихатымен мұсылмандық съезд өткізіліп, жаңаша бағыттағы мектеп-медреселер ашылды.

Қарастырып отырған кезеңде оқу-ағарту саласында жәдидтік білім берудің қоғамдық ой-пікірде өзіндік орны болғаны белгілі. Осыған байланысты қазақ зиялылары еңбектеріндегі төмендегідей мәселелерге ерекше көңіл бөлуге болады:

- Қазақстанда ағартушылық қозғалыстың өрлеуі және қазақ зиялыларының бұл қозғалыс барысындағы негізгі пайымдарын айқындауға;
- Қазақстандағы жәдидтік қозғалыстың әсері мен нәтижелерін нақтылауға;
- Қазақ зиялыларының жаңа әдістік жәдидтік оқытуға қатысты жүргізген нақты қызметтеріне;
- Ұлт қайраткерлерінің мұсылмандық білім беру мен орысша оқытудың арақатынастарына байланысты көзқарастарына баға беруге;
- Жаңа әдістік мектептерді ұйымдастырудағы қиындықтарды айқындауға;
- А. Байтұрсыновтың оқу-ағарту ісіндегі атқарған аса маңызды шараларының маңыздылығын ашуға.

XIX ғасырдың соңында Қазақстанның қалалары мен ауылдарында демократ-ағартушы Ыбырай Алтынсарин негізін салған орыс-қазақ мектептері, жаңа әдісті медреселер мен мектептер көбейе берді. Мұның өзі ана тілі мен орыс тілін қатар меңгеруге мүмкіндік туғызды. Орынбор, Қазан, Омбы, Семей тағы басқа қалаларда оқытушылар семинариясы, Ордада, Оралда, Ақтөбеде, Ақмолада, Верныйда (Алматыда) мұғалімдер даярлайтын курсты, Ғалия, Расулия, Мұхамедия медреселерін бітірген қазақ педагогтарының саны жылдан жылға арта берді. Мектеп-медреселерде мұсылманша діни әдет-ғұрыпты үйретумен қатар, орыс тілі, әдебиеті, ұсул жәдитше (жаңа әліппе), оқу-жазу сабақтары, есеп, география, табиғат, сурет салу сияқты дүние тану пәндері оқытылды.

Сөйтіп, ұлы демократ ағартушылар Шоқан, Абай, Ыбырай арман еткен, қазақ халқына пайдалы, өмірлік маңызы бар екенін насихаттап, өсиет еткен орысша оқу-оқыту, дүнияуи (светское) білім беру істері қазақ сахарасында өркен жая бастады.

Еуропалық мәдениетпен араласу кезеңінің алғашқы кезінде (XIX-XX ғғ. бас кезі) ұлы Абай бастаған реформашылар, сол сияқты «Зар-заман» тақырыбына жазған исламшыл ақындар өмір сүрді. Олардың шығармалары қазақ ұлттық мәдениетінің XIX-XX ғғ. бас кезінде үлкен дағдарыста, ізденуде, қайшылыққа толы күйде болғанын көрсетеді. Ұлт көсемдері, жанашырлары халықты бір жағынан сынады, екінші жағынан, дерттің дауасын табуға тырысты, ұлт санасы, өмір салты белгілі мағынада өзгеру керек екенін түсініп, оған жол көрсетті, тіпті бағдарлама жасады. Жалпы сол кездегі мұсылман халықтарға тән бұл ізденіс «жәдидизм» - «жаңашылдық» деп аталды. Қазақ ұлттық зиялылары да осы бағытты ұстанды.

Қазақстанда жәдитшілдік қозғалыс XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кең өріс алды. Бұл қозғалыс алғаш Қырым мен Еділ бойы татарларының арасында қалыптасты. Кейінірек түркі халықтарының арасына тарап, оның И. Гаспринский, Ш. Маржани, М. Абдурашидханов және т.б. ірі өкілдері пайда болды. Негізінде жәдиттік қозғалыс патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталған еді. Бұл қозғалысқа қатысушылардың көздегені түркі халықтарының ғасырлар бойы келе жатқан ескі мұсылмандық оқуын (қадімше-ескіше) жаңа заман талабына сәйкестендіріп оқыту болатын. Сөйтіп, оқу жүйесіне тек дін оқуын ғана емес, аса қажет деп тапқан жағырапия, тарих, орыс тілі, математика және т.б. пәндерді енгізуді дұрыс санады. Әрине, жәдитшіл қозғалыс өкілдерінің тап осындай идеясы дін иелеріне ұнамады. Сондықтан мектеп-медреселерде ескіше оқытып жатқан кейбір дін иелері олардың бұл әрекеттеріне қарсыласып бақты. Олар жәдитшілдік бағытты шарифатқа қарсы әрекет деп бағалауға тырысты. Тіпті бұл қозғалысқа патша өкіметі тарапынан да қысым көрсетілді.

XIX ғасырдың соңында Ресей мұсылмандары қадімшілер және жәдитшілер деп екіге бөлініп, өз бағыттарының дұрыстықтарын дәлелдеуде партия құру немесе газет-журнал шығаруды қолға алды. Мәселен, қадімшілер «Сират әл-мұстақим» («Тура жол») атты партия құрса, ал 1907 жылы Орынборда Ғ. Құсайынов «Дін уа мағишат» (Дін және өмір) деген журнал шығарды. Жәдитшілдік қозғалыстың лидері болған Исмағұл Гаспринский Бақшасарайда 1883 жылы «Тәржіман» атты газет шығарды.

Екі бағыт арасындағы айтыс-тартыстың өршуіне патша өкіметінің де ықпалы болды. Бұл бағыттағыларды бір-біріне айдап салу, олардың газет-журналдар шығаруға еркіндік беруінің басты нысаны да араларында әдейі қайшылықтар туғызу еді. Бірақ, жәдитшілдік қозғалыстың кең етек алып, бүкіл мұсылман арасына жайылуынан да қорықты. Сондықтан қандай да бір кедергілер жасауға тырысып бақты. Мұндай кедергілерге қарамастан жаңашыл әдіс екпін алып, осы бағыттағы мектеп-медреселер ашыла бастады.

Жәдитшілдік бағыттағы оқу орындары бастапқы кездерде Уфа, Қазан, Орынбор сияқты ірі қалаларда пайда болған. Осындай оқу орындары Түркістан өлкесінде де көптеп ашыла бастады.

Жәдитшілдік атауын қазақ тіліне «жаңару, елдікті сақтау үшін жаңа бағытты ұстау» деп аударуға болады. Осы бағытқа жақын ақын Ғұмар Қараш былай деген:

«Надан шейх діннің соры, күннің соры,
Бір қашпа, надан шейхтан мың кері қаш.
Құран – шам, ақыл – басшы, ғылым – құрал,
Құралсыз шекпе сапар, жолың болмас!
Айырылма жатсаң-тұрсаң Құранды ұста,
Жол бастар қараңғыда ол бір компас» [1, 63-б.].

Бұл бағыт қазақ топырағында жаңа мағынадағы «мұсылманшыл қазақты» қалыптастыруға ұмтылды. «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек» деп қазақтың ұлы ағартушысы тектен-тек айтпаған. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп Көпеев те «Өнер сол мұсылманша болсын, орысша болсын ғылым үйренуге жаһүт қылу. Әр не болса ғылыммен болғанды айтады. Ғылымсыз болған нәрсенің пайдасы жоқ. Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп білгіш болуды талап қыл. Неге десең, ғылым – пайғамбарлардан қалған мұра. Яғни пайғамбарлардың бұрынғы өткен хандарының, жақсыларының қылып өткен өнері» [2, 76-б.]. Мал қарау – байдан қалған мұра екенін, әлі күнге шейін оны жер жұтып бара жатқандығын және бар уайым-қайғысы малды қалай сақтаймын болса, ғылым иесін өзі сақтайтынын, малды кісінің дұшпаны көп болса, ғылымды кісінің досы көп болатындығымен түсіндіреді. Малды жұмсай бастасаң таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң артылып үсті-үстіне көбейетінін, ал мал біткен кісінің сараң болып, әркімге бір беруге қимаса, ғылымды болған кісі ғылымын шашып жұртқа үйретуден шаршамайтындығын айтады. Осы ойын малы көп кісінің қияметте сұралуы, тергелуі көп болып, мал иесіне үлкен зарар болса, ал ғылым иесіне сол күнде үлкен пайда келтіріп, таршылықтардан құтқаратынын, мал апатқа ұшыраса,

ғылым ешқашан апатқа ұшырамайтынын, адамдардың тәкаппарлығы мен кішік көңілін қарама-қарсы қойып отырып түсіндіреді, негізгі ойы – тіптен мал жима, малмен, дүниемен еш хабарың болмасын емес, әрине, керісінше, малың бар болса да соны ғылымға, өнер үйренуге жұмсауды талап қылады.

Негізінде Қазақстанда жәдидтік қозғалыстың қалыптасуы мен жандануына түркі және татар идеологтарының ықпалы болды. Қазақ зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев және т.б. мұсылмандық, түркілік, бірлік идеясын ұстанған осы идеологтардың ұстанымдарын қолдап, мұсылмандық қозғалысқа ат салысты.

Татар зиялылары Ә. Ибрагимов, Ж. Ақшора, М. Бегиев, Ф. Кәрімов, Г. Мақсудов және тағы басқалардың жаңаша бағытта оқытуға, мұсылмандық еңбектерін дұрыстауып, олардың көзқарастарымен қазақ газеттеріне мақалалар жазды. Сөйтіп, Ы. Гаспринскийдің бастауымен болған «жаңа әдістік оқыту жүйесі» қазақ зиялыларының ағартушылық қозғалысында өз ұлттық көрінісін тауып, ел ішінде шешуші рөл атқарды. Халық-ағарту ісіндегі міндеттерді ұлттық сана-сезімнің ояну идеяларымен байланыстырған мәдени тарихымыздың бір тума білгірлері, кеңестік тарихнамада «буржуазиялық ұлтшылдықтың» немесе күні өткен «феодалдық тәртіпті жақтаушылықтың» көрінісі есебінде, көп жылдар бойы «халық жауы» деген айдармен арамыздан аластатылып келген зиялы қауымның өкілдері – А. Байтұрсыновтың, Ә. Бөкейхановтың, М. Дулатовтың, Ғ. Қарашевтің «ағартушылықтың жаңа әдістік кезеңіндегі» еңбектері тарихи көзқарас тұрғысынан баға жетпес мұра.

«Жаңа әдістік қозғалыс» ағартушылықтың бастамасы емес екендігін, орыс мәдениетінің тарихымыздағы мәнін өзімен тағдырлас көрген түркі халықтарының (татар, қырғыз, башқұрт, өзбек т.б.) ұлт-азаттық көтерілісінің әсерін, әрине жоққа шығара алмаймыз. Себебі, ұлттық мүддені тірек етіп, ағартушылықтың биік межесін аңсаған Абай, Шоқан, Ыбырай мұраларының жалғасы, ұрпақ жалғастығы болатын бұл білім нәрі отарлыққа қарсы қозғалыста бір мақсатты тұтқан көршілес елдердің Ә. Бөкейханов айтқандай «отандасымыз орыс халқы, діндес қанымыз ноғай» түркі халықтарының алдыңғы қатарлы демократтарының шебін байланыстырды. Бүгінгі ұрпақ үшін ұлт зиялыларының қандай тарихи іс тындырғаны маңызды болса, тура сондай дәрежеде олардың қайраткер адам ретінде кім болғаны да мәнді. Өйткені, барлық өркениетті қоғамдарда әрбір ұрпақ өзінің ерекшеліктерін, тіптен тарихи мақсат-мүдделерін тарихи контексте ғана терең әрі толық түсіне алған.

Жәдидшіл қозғалыс, жаңаша бағытта оқыту мәселесі бойынша «Қазақ» газетінің 1914 жылы 8 қазандағы 81 санында жарияланған жәдидшілдік қозғалыстың негізін салушы И. Гаспринский жөнінде М. Дулатов оның қайтыс болуына орай жазған мақаласында мынадай пікір айтқан еді: «Гаспринский өзінің заманында жалғыз Россия мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниесінің ұлығ адамы еді», - деп жаза отырып, оның жәдидшілдік қозғалысына тоқталады. М. Дулатовтың жазуынша, Ресейден қайтқан И. Гаспринский мұсылман халықтарының өзге жұрттан кейін қалып, мәдениетінің төмендеп кеткенін көріп, оны көтеруді білімнен, оқу саласынан іздеген. Артта қалушылықты жоюда еуропалық ғылымға сүйене әрекет ету қажеттігін үндеген. Ол мынадай үш шараның жүзеге асқанын қолдайды: 1. Балаларды бастауыш мектепте оқыту, мектептерді заманға муафық тәртіпке салу, сол тәртіпті Россияда жалпы мұсылман мектептеріне жүргізу. 2. Россиядағы түркі қауымдарының ортасында бәріне ортақ түсінікті әдеби тіл тудыру, Еуропа өнер-білімін медреселерде сол ортақ тілмен оқыту. Пақырлық себебінен оқусыз, білімсіз, өнерсіз қалуы мүмкін болған нашарларға қарасып, оларды да оқудан, өнер-білімнен мақұрым етпес үшін «жәмғияти хайриялар», «жәрдем жәмғияттарын» аштыру.

М. Дулатов И. Гаспринскийдің осындай ұстанымда болғандығын көрсете келе, оның басты қызметі де бала оқытуда болғандығын атап өтеді. Оның жаңаша білім беру әрекетіне алғашқыда халық қорқынышпен қарап, кейінірек оның бұл бағытына қолдау көрсеткендігі, өз ісінің аса дұрыстығын дәлелдеуде 1881 жылы түркі тілінде «Тұңғыш» кітабын, ал одан соң жәдидшілдік қозғалысты өрістету негізінде 1883 жылы «Тәржіман» газетін шығарып, онда «жаңаша» оқу қажеттігіне насихат жүргізіп, осы ұстанымын газет арқылы үндеуге тырысқандығын көрсеткен.

Газеттің келесі санында жалғасын тапқан бұл мақалада М. Дулатов Исмағұлды «түркі ұлтының зор тәрбиесіші, ұлығ ұстазы, ардақты атасы» деп бағалайды [3, 193-б.]. Жалпы қазақ зиялылары мектеп-медреселерге арнап газет-журналдарға мақалалар жариялап тұрған. XX ғасырдың басында өз қатарын көбейткен біріншіден, ұлттық мектептің мәні жойылуынан, екіншіден, орыс қазақ мектептеріне деген жоғарғы төлемнің ауырлығынан туындаған жаңа әдістік жәдидтік мектептердің бағдарламасында ескі әдістік мектептерге қарағанда айырмашылығы тек жазудағы дыбыстық жүйе емес, сондай-ақ арифметика, жағырафия, жаратылыстанудың негіздері (қатты дене, газ, ауа, жылылық, салқындық, сондай-ақ минерология, тіпті анатомия да) пәндері оқытылды.

Жаңа әдіс бойынша оқыту жүйесі бірнеше сатыларға бөлінген. Оның бірінші басқышы «ибтидай» (бастауыш) немесе «рушти» деп аталып, бұл сатыда шәкірттер 5-6 жыл оқуға тиісті болды. Бұрынғы «иман шарттың» орнына «бірінші мұғалім» және «екінші мұғалім» сабақтары жүргізілді. Мұсылмандық мектептерде діни пәндермен қатар дүнияуи (светское) пәндердің оқытылуы қазақ арасында мектеп ісіне деген көзқарастарға үлкен өзгерістер алып келді.

Қазақ зиялылары да бұл жәдиттік бағыттағы мектептерге қолдау көрсетуге тырысты. Олар осы бағытта жазған оқулықтарында халқымыздың тілінің, әдебиетінің маңыздылығын түсіндіруге тырысты. Жаңаша жазу үлгісін жасай отырып, оның халық арасында кең қолданылуын насихаттады. Қазақ балаларын қазақша сауаттандыратын әліппеден кейін А. Байтұрсынов мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын, қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс «Тіл құрал» оқулығын шығаруы үлкен жаңалық, тың дүние болды. Ұлт тілін оқытудағы тұңғыш оқулық 3 кітаптан тұрды. Фонетика, морфология, синтаксиске арналған үш бөлімді кітап (әрқайсысы 1927 жылға дейін 6-7 реттен басылған) мұғалімдер, шәкірттер арасында «қазақ тілін сақтаймыз, балаларды қазақша шыққан кітаптарымызбен ұқтырамыз, һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын» [4, 18- б.] дегендерге негіз болды.

Оқыту мәселесіндегі бірінші кезекте тұрған оқу құралы тұрғысынан көкейкесті мәселелерді мүмкіндігінше бөріне «мамандығым» немесе қолымнан келмейді» демей, қазақ ағартушылары қолдарынан келгенше пайдасын тигізді. Халықтың мәдени, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен өмір сүру салтына, тіліне, психологиялық ерекшеліктеріне сай қазақ зиялылары орыс оқымыстыларының жасаған оқу құралдарының жүйесін зерттей отырып, төлтума оқулықтар дайындауға күш салды. Сондай оқулықтардың бірі – М. Дулатовтың екі кітаптан тұратын 1914 жылы Орынборда басылған «Есеп құралы» (1927 жылға дейін 7-8 реттен басылған). Бұл оқулықтың ерекшелігі сол, қазақ халқының өмірімен, мәдениетімен сабақтасып жатуы. Есептердің мәтініне қазақ баласына таныс күнделікті қажеттілік барысында кездесетін оқиғалардан алуының өзі баланың таным көзқарасын қызықтыра түсетінін әсте естен шығармады. М. Дулатовтың «Есеп құралы» өз кезінде қазақ тілінде арифметикадан жазылған оқу құралдарының көшін бастады (С. Қожанов, К. Жәленов, Е. Омаров т.б.).

Сондай-ақ, М. Дулатовтың 1916 жылы шыққан «Қирағат кітабы» оқулығы да балаларға баяндап оқытудың мәнісін түсіндіруде, «қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсұтына» жетуде керекті мағлұмат алып шығуды көздеген.

Дүниелік оқуда, ағарту ісін дамытуда қалың көпшілікті үркітіп алмайын дегендей, діни оқуды қатар атаған ұлт ағартушылары ақиреттік пайда үшін мұсылманша оқып, дінді танысаң, орысша оқып, орыс тілін үйренсең, өмірлік қажеттерге қол жеткізу мүмкіндігін патша үкіметінің саясатын әшкерелей отырып түсіндіреді. «Орысша школаларда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер жоспар бәрі де бар. Бірақ сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе қазақты орысқа аударамыз деген пікірі» [3, 56-б.] екенін сынай отырып, бастауыш мектеп «миссонерлік ойдан, политикадан алыс болу керектігін» айтады. Бұл жолдан құтқарудың ең тиімді де басты жолы – ана тілін жоғалтпау екенін дер кезінде түсінген ұлт жанашырлары, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып, орыс әрпін алдырамыз дегендерге қарсы шығып нағыз миссонерлік пиғылдағы, «еппен қайырмалаушылардың» жолы екенін ашық көрсетті. Яғни, балаларды ана тілімен оқытпай, орыс тілімен оқыту саясаты, сол үшін орыс әрпімен басылған кітаптарды көптеп шығарып, ұсынуы – мұның бәрі қазақты дінінен айыру екенін, ал араб әрпі ислам дінімен бірге келіп қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу дін жоғалмай жоғалмайтынын» [5, 49-б.] айтты. Сондықтан «қазақта ана тілімен» оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктердің дегені болмас үшін, ана тілінде оқытатын кітаптарды қолға алуды басты мәселе деп қарады.

Осы орайда газет арқылы «білім» конкурсын жариялап, қазақ балаларының ақшасын қайтарып алатындай бәйге тігуге шақырады. «Докторлық оқығандар – денсаулық жайынан, шаруа жайын оқығандар – шаруа жайынан, оқыту жайын жақсы білетіндер – мектеп оқулықтарын, әдебиет ауданындағы жүйріктер – халықтың қылығын, құлкын түзетуге арнаған романдар» жазуға шақырылады. Бұл туралы Ғ. Қарашев былай дейді: «білім жарысына қосылғандар не хақында жазуға ерікті, ... кім нендей кітап жазса да, сыналғанда әр кітаптың өз алдына артықшылығы көзделеді». Жаңа ғасырда мұсылмандардың жаңа өміріне сұраныс, қажеттіліктеріне байланысты өз жаңалықтарын таратып, жаюында кітап, газет, журналдарды пайдалануы заңды құбылыс еді.

«Хүкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қою, қазақша оқуды халыққа тарату – өз міндетіміз» [5, 48-

б.] – деп А. Байтұрсынов бастауыш қазақ мектебінің жүйесін – орыстандыру саясатының құралынан алшақ болуын көздейді. Еңбек бойынша ұлы реформатор-педагогтың мұсылман мектебіндегі жүйесін түсінікті болу үшін өзіміз құрастырған төмендегідей кестемен көрсетуді жөн санадық:

1 кесте – А.Байтұрсынов еңбегі бойынша мұсылман мектептеріндегі оқытылу жүйесі

Бастауыш мектеп	Мерзімі және оқытылуы			Оқытылатын пәндер				
	5 жыл	Бастапқы 3 жыл таза қазақша оқытылады		1) оқу; 2) жазу; 3) дін; 4) ұлт тілі; 5) ұлт тарихы; 6) есеп; 7) жағрафия; 8) шаруа-кәсіп; 9) жаратылыс жайы				
		Соңғы 2 жыл орысша оқытылады		Гимназия ия реальный мектептердің төменгі кластарына кіретін пәндер				
	Түрлері							
	қыр мектебі		қала мектебі		келіп оқитын мектептер		жатып оқитын мектептер	
	Ауылдық мектептер (бастапқы 3 жыл оқыты-ла-ды)		болыстық мектептер (соңғы 2 жыл оқыты-лады)	үлкендігіне қарай		Келіп оқитын мектептер (қала, қыста-уы жақын жерлер)	Жатып оқитын мектептер (қыстауы алыс жерлер)	
3 жылдық				5 жылдық				

Кестеден көретініміздей, жаңа бағыттағы мектептерде А. Байтұрсыновтың ұсынуынша оқу мерзімі 5 жыл болып, оның үш жылында оқыту таза ана тілінде, қалған екі жылында орыс тілінде жүргізілу жоспарланған. Мектептер оқушылардың мекен-жайларына байланысты біреше түрге бөлінген, мысалы, қалалық, болыстық және қыр мектептері. Бұлардың барлығы бастауыш мектеп деп саналып, соған сәйкес пәндер оқытылған. Ахмет Байтұрсынов бастауыш мектептің қандай болу керектігімен қатар, қазақ балаларын ана тілінде төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту үшін не керектігін де, ол үшін не істеу қажет екенін де, оқу-ағарту орталығының хабаршысы іспетті болған «Қазақ» газетінің беттерінде үнемі үзбей жариялап, бағыт-бағдарын көрсетіп отырды.

Халқының болашағына алаңдаған ұлт зиялысы бастауыш мектептерде қызмет ететін мұғалім-мамандар даярлау, оларға қойылатын талаптар туралы да жазған. Әсіресе, балаларды дұрыс жолда оқытуда үлкен жауапкершілік – мұғалімдерде, қалай оқытынында екенін көрсетті. «Усул жадид мұғалімдері бар. Бұлардың өздері де екі түрлі оқытады: біреулері усул мадие – төте харіппен бастайды, ал усул сатие тәртібінің негізі – дыбыспен жаттықтыру». Яғни, қазақ мұғалімдері сияқты, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыра алмайтынын, ол қазақ тілінде қанша дыбыс бар екенін білмей тұрып, әріптерді үйрету қиынға соғатынын, сондықтан үлкен кемшілікті жою жолы өте ауыр емес, 10-15 күн сабақ алып үйрену керектігін айтады. Бұл орайда жаңа әдіспен оқытатын мұғалімдерді көбейту үшін мұғалімдер курстарын ашу туралы мәселе көтереді. «Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығарған тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтан бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ. Қазақтардың өздері дарил-мұғалимат ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қоя тұрып, қолдан келетінін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школдарынан шығып, учитель болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайтынын, егерде бұлардың біреулері мұсылманша хат білу жағынан өз білімдерін толықтыруын алға қойса, мұғалімдерді жаңа әдіспен оқытуға арналған курстардың программасын жасауды ұсынады. «Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдеріміз бар. Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. Осы күнге тек хат жаза білетін қазақтардан бастап, газет, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар». Бұдан байқаймыз: осы күнгі мектептер осыншама жайсыз, күйсіз қалыбында халық арасына оқу жазуды мұжықтар арасынан гөрі көбірек жайып жатқаны, бұл мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренетіндігі, бастауыш мектептің білімі өмір қажетіне негіз болып қалсын дегенге сауатын мұсылманша ашуға үйрету және педагогика, методикадан хабары бар, оқыта білетін мұғалім даярлауды басты міндет етеді.

Сондай-ақ, қазақ балаларының оқып, білім алуына көмектер, жәрдем ұйымдастыру туралы мәселе де назардан тыс қалмайды. Қазақ мектептерінің басқа мұсылман мектептері сияқты мектеп

қаражаты – халықтан жиналған ақшадан өмір сүргені белгілі. «Құрбан, зекет, әшір салықтарын мектеп салу жұмысына пайдалану, оқуға керекті құралдарды қамтамасыз ету» [6, 53-б.]. Орыс тілінде оқитын оқушыларға қаражат қалай жиналатынын айтып Ғ. Қарашев өзінің «Шарғи мәселе» мақаласында үлкен мәселе етіп көтереді. Үлкен қозғау алған бұл бастамадан қазақ өлкесінен ұйымдар ашылып, мұқтаж оқушыларға көмек беруді қолға алған.

Патша өкіметі жаңа әдістік мектептерді қатаң бақылауға алып, ондағы мұғалімдердің құрамын тексеріп, оқу құралдарынан көбірек Константинополь баспасынан шыққан кітаптарды пайдалануды талап етіп, түгел цензурадан өткізуі, барлық мұсылман мектептерінде бірінші жылдан орыс тілі пәнін жүргізуді, ал жүргізілмеген жағдайда мектепті жабуды, ал ол пәнді жүргізетін оқытушының еңбек ақысын мұсылман қоғамы өзі төлеу керектігін, мектептің бағдарламасы тар шеңберде тек қана үкіметтің орыс-қазақ мектептеріне беру керектігін т.б. мәселелер туралы заңдары өз күшінде болса да, қазақ өлкесіндегі мұсылман мектептері ХХ ғасырдың басындағы «жаңа ағартушылықтың» нәтижесінде өз тілін, өз дінін, өз жазуын сақтап қалды.

Отандық жәдитизм тарихнамасына үлкен үлес қосқан ғалым Д. Қамзабекұлы көрсеткендей: жәдитшілдік – Ресей империясының мұсылман аймақтарына ортақ, дәстүр мен жаңашылдықтың синтезді құбылысы. Оны қарапайым тілге аударсақ, «жаңару», «елдікті сақтау үшін жаңа бағыт ұстау» дегенге саяды. Жәдитшілдік – ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар концепция әрі ағым [7, 72-б.]. Сондықтан да ұлт зиялыларының жәдиттік оқу жүйесіне көшу жолындағы ерен еңбектерін, көзқарастарын, ұстанымдарын айқындау, оларды екшеу және жіктеу, олардың негізгі бағыттарын сипаттау және бұл көзқарастарға қазіргі тәуелсіз Қазақстан тұрғысынан баға беру - бүгінгі тарихнама ғылымында әлі де жалғасын табары сөзсіз. Бүгінгі таңдағы мектеп реформасы төңірегіндегі өзгерістерде де ұлт зиялылары жүріп өткен тәжірибені негізге алып, дәстүрлілікті сақтай отырып, жаңашылдықты да қатар енгізіп, заманауи технологияны игеру де тарих еншісіне үлкен сын боп тұрғаны ұрпақ тәрбиесінде қателіктерге жол берілмеу керек екенін көрсетсе керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Шығармалар жинағы. 1-11 том. – Павлодар: ЭКО, 2000-2007.
3. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. // Құраст: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы. Мектеп баспасы ЖАҚ, 2003. -392 б.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
5. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
6. Энциклопедия «Айқап» / Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 368 б.
7. Қамзабекұлы Д. Руханият: (мақалалар мен зерттеулер) – Алматы: Білім. 1997.

Азнина К.А.

ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ

Қазақ арасында бақсылық атауымен белгілі бұл құбылысты ХҮІІІ – ХІХ ғғ. орыс саяхатшылары мен әскери адамдары аңғарып, өз жазбаларында сипаттап жазған. Капитан Андреев «1787 жылы 21 мауысымда Уваров стансасында өзен жақ беттегі Шөрегей сұлтан иелігіндегі бақсы граф фон Мантефельдің назарына ұсынылды. Үстіне арнайы тіктірген қысқа ақ жолақтары бар көйлек киіп алып, киіз үйдің ортасына отырды да қобызда ойнай отырып, өлеңдетіп, шайқалып, айналып және тура шайтандарды шақырды» деп жазады [1].

ХІХ ғасырда қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қатысты мол мәлімет берер еңбек жазған А.И. Левшинді қазақ бақсылығын атап өтеді: «Бәрінен де қызықтысы және сонымен де қорқыныштысы бақсы, немесе бахчи, сібір шамандарына өте ұқсас. Олардың киімдері көбінесе ұзын, кейде қысқа, немесе жұлым-жұлым болып, өзінің түр-сипатымен олардың трагикомедиялық көріністерінің көрермендеріне әсер етеді» [2].

Қазақ этнографиясын зерттеуде ұлан-ғайыр еңбек атқарған ғалым Ш. Уәлиханов бақсылық туралы жазбасында: «Қазақ туралы барлық зерттеушілердің айтуынша да, барлық географиялық нұсқауларда да қазақтар – мұсылмандар, бірақ шамандық ырым, сенімді де ұстайды. Олар мұсылман